

Л.Т. Исова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ.

**Білім мен ғылымды жан әлемімен дарытқан тұлға,
аяулы ғалым-ұстаз, профессор Г.Ш. Жамбатырованың рухына арналады**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар факультетінің тұңғыш деканы, т.ғ.к., профессор Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырованың факультеттің жалпы қалыптасып, дамуы бастауларындағы сіңірген еңбегі ерен. Факультеттің дара имиджі осы кезеңнен бастап мемлекет, шетел деңгейінде сараланып, ғалым-ұстаз жетекшілігінде жүйелі қаланды.

Осы мақала арқылы аяулы ұстаз, құрметті ғалым Гүлжауһар Шағатайқызы бейнесінің шәкірт, маман ретінде жадында қалған болмысы туралы ой өрбіткім келеді.

Жоғары оқу орнының оқытушысы студент-шәкірті алдында әртүрлі қырымен ерекшеленеді. Соның ішінде әрбір шәкіртінің кім екенін, аты-жөнін де білетін, шәкіртіне болашақ маман иесі ретінде қарап сенім арта алатын қабілетке ие оқытушының қашан да орны ерекше. Біз оқыған өткен ғасырдың 90-жылдарының басы қоғамдық жүйе өзгерісіне сай келіп, ел тәуелсіздігінің салтанат құрған кездері болатын. Қазақ ғылымының қазақ тілде сөйлеуіне енді ғана жол ашылған сәттер. Халықаралық қатынастар факультеті тарих факультеті базасында бастапқыда бөлім ретінде ашылды. Ол кездегі тарих факультеті деканы ретінде әйел адамның тағайындалуы, ер азаматтары көп ұжым жағдайында ерекше қадам болатын. Қазақ тілді оқытушылар саны санаулы. Қазақ тілді оқулықтар дүние жүзі тарихы, халықаралық қатынастар саласы бойынша тіптен аз. Оқытушыларымыз көбі орыс тілді, орыс тілінде оқытуға бейім. Өтпелі кезеңнің осындай «сұрғылт» мезгілі адамдардың қоғамдық болмысының даралануына да әсер еткен кез. Міне, осындай уақыт болмысында шәкірт жадынан орын тауып, үлкен бір ұжымды жаңа уақыт талаптарына сай жетелей, тәуелсіз қазақ

ғылымын мүлде өзгеше белесте құруға ат салысқан ерекше аяулы да, көркем тұлға иесі Гүлжауһар Шағатайқызы болды.

Гүлжауһар Шағатайқызы, ең алдымен, ғалым-ұстаз ретінде өзі оқытқан студент, аспирант шәкірттерінің баршасының санасында өзі берген білімі, ілімімен есте қалады. Халықаралық қатынастардағы «шығыс мәселесі» төңірегіндегі арнаулы курсы, жалпы тарих мамандығының негізгі базалық пәндерінен орыс топтарымен қатар, қазақ топтарында да қазақша мүдірмей, ерекше мәнерімен, аудиторияны баули берген сабақтарының аяқталмауын тілейтінбіз. Келесі сабаққа болған уақытты байқамай, мүмкіндігінше апайымыз дәрістейтін пәндерден алынатын тақырыптар мәліметін талдап, ол кісінің тәліміне ерекше ден қою дәстүрі болған еді.

Бірде, қазіргі ресейлік телеарна ОРТ каналының «Утро» бағдарламасы ҚазҰУ тынысы туралы түсірілімдер мен Гүлжауһар Шағатайқызынан сұқбат алған болатын. Апайымыз, мені үздік оқитын студенті ретінде таңдап алып, осы сұқбатқа қатыстырды. Апайдың көп шәкіртінің ішінде мені таңдап алуы да, ең алғашқы қоғамға қатысқан қадамым болған маған телекөрініске түсу ерекше қуаныш сילהан болатын.

1994 жылы бітірген студенттердің болашақ қызмет орындарына бөлуге байланысты жиналыста еңбек өтілінсіз, ғылымға қабілеті бар үздік бітірген түлектерді аспирантураға алып қалған Гүлжауһар Шағатайқызының ерекше қадамы сол жылдары ғылымға келген бір топ жастарға, біздерге деген өмірге үлкен жолдама еді. Аспирантураның алғашқы жылдары ғылымға өте жас келген біздер үшін ғылым әлемі өте бейтаныс болды. Профессор Гүлжауһар Шағатайқызы енді ғана құрылған халықаралық қатынастар

факультеті ауқымында ұйымдастырылған жас ғалымдар кеңесіне, елшілік сағаттарға, тәуелсіз Қазақстанда енді ғана ашылып жатқан шетелдік елшіліктердің ашылу салтанаты, олар өткізетін шараларға да қатысуға мүмкіндіктер жасады. «Халықаралық қатынастар және сыртқы саясат» мамандығы бойынша жазылған диссертацияларды қорғайтын диссертациялық кеңестің ашылып, жұмыс істеуіне ат салысты. Профессор Г.Ш. Жамбатырова диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары болған диссертациялық кеңестен қазақстандық халықаралық-қатынастанушы ғалымдардың қазіргі шоғыры қалыптасты.

Ұстаз-ғалым төңірегіндегі адамдарға ерекше ілтипатты еді. Жас ғалымдардың тұрмыс ақуалын да сұрап, хабардар болып жүретін. Осылайша, апайымыздың қолынан өмірімізге рухани да қолдау көрсетуі есте қалды. Про-

фессор Гүлжауһар Шағатайқызы декан болған жылдардағы ҚазҰУ декандарының ішінде ерекше болмысымен, еңбекқорлығымен университет басшылығының үнемі назарында жүретін ғалым-ұстазымыз үшін сырттай болса да мақтанып жүретін едік.

Білім мен ғылымды қатар ұстап, оны жан әлемімен студент шәкірті бойына дарытқан ерекше тұлға, көркем келбет иесі, аяулы ғалым-ұстаз, профессор Гүлжауһар Шағатайқызының бұл фәни дүниеде жоқтығы өтірік секілді. Қандай да бір жұмыспен басқа жақта жүргендей.

Жоғары оқу орындарында оқытушылықты ғылыммен ұштастырған әріптестер еңбегінің профессор Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырова биігінде көрінуіне тілек тілеуге болады. Г.Ш. Жамбатырованың ғылым мен білімдегі шыңы қашан да асқак.